



• ЖИЫН

КЕЗЕКТЕН ТЫС СЕССИЯ



АУДАНЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ
ТӨРАҒАСЫ Е.МАХМУТОВТЫҢ ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН
МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС ХХVII СЕССИЯСЫ ӨТТІ. СЕССИЯ
ЖҰМЫСЫНА МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН ҚАТАР АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАР-
ЛАРЫ Т.АЛТЫНҒАЛИЕВ ПЕН А.АҚҚҰЛОВ, АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ДЕРБЕС БӨЛІМДЕРІНІҢ БАСШЫ-
ЛАРЫ, МЕКЕМЕ ЖӘНЕ КӘСІПОРЫН ДИРЕКТОРЛАРЫ, ШЕТПЕ АУЫЛЫНЫҢ ӘКІМІ, СОНДАЙ-АҚ
АУДАНЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС ПЕН САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ ҚАТЫСТЫ.

Сессияның күн тәртібінде бірқатар маңызды мәселелер қаралды. Атап айтқанда, аудандық Мәслихаттың 2025 жылғы 18 желтоқсандағы №24/191 «2026–2028 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мәселесі талқыланды. Сонымен қатар 2023 жылғы 27 желтоқсандағы №8/67 «Маңғыстау ауданының аумақтық және учаскелік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» және 2023 жылғы 17

қаңтардағы №19/195 «Маңғыстау аудандық Мәслихатының депутаттарын сайлау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының мүшелерін сайлау туралы» шешімдеріне өзгерістер енгізу мәселелері де қаралды.

Бұдан бөлек, құқық бұзушылықтың алдын алуға қатысатын азаматтарды көтермелеу жөніндегі комиссия құрамын бекіту, сондай-ақ Мәслихаттың 2025 жылғы 14 тамыздағы №21/165 «Жер комиссиясының құрамы туралы» шешіміне өзгерістер енгізу мәселелері күн

тәртібінен орын алды.

Сессия барысында қаралған мәселелер бойынша тиісті сала басшыларының баяндамалары тыңдалып, депутаттар тарапынан ұсыныстар мен пікір айтылып, бірқатар сұрақтар қойылды. Өз кезегінде жергілікті атқарушы органдардың лауазымды тұлғалары нақты жауап шибәрді.

Күн тәртібінде көтерілген барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, нәтижесінде Мәслихаттың тиісті шешімдері қабылданды.

Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.

ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ ҰСЫНЫЛДЫ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ МАРАЛБЕК СЕЙЛОВ ТӨРАҒАЛЫҚ ЕТКЕН АШЫҚ КЕЗДЕСУ ӨНІРДЕГІ ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДАР МЕН ОЛАРДЫҢ МЕРДІГЕР ЖӘНЕ СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРЫ БАСШЫЛАРЫНЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ӨТТІ. БАСҚОСУДЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ – АУДАН ТҮРҒЫНДАРЫ МЕН ӨНДІРІС ӨКІЛДЕРІ АРАСЫНДА ТІКЕЛЕЙ ДИАЛОГ ОРНАТЫП, ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСУ, КАДР ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР БОЙЫНША НАҚТЫ ӘРІ ТИІМДІ БАЙЛАНЫС ҚАЛЫПТАСТЫРУ БОЛДЫ.

Айта кету керек, мұндай кездесулер 2023 жылдан бері жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Аудан орталығына өндірістік мекемелердің басшылары арнайы келіп, тұрғындармен жүздесумен қатар, жұмыс тобы кәсіпорындардың кеңселеріне барып, көшпелі форматта да



кездесулер өткізіп келеді. Бұл өз кезегінде халық пен жұмыс беруші арасындағы ашықтықты арттырып, өзекті мәселелерді жедел шешуге мүмкіндік береді.

Кезекті жиынға 16 өндірістік кәсіпорынның өкілдері қатысып, өз компанияларының биылғы кадрлық саясаттағы жоспарларын таныстырды. Кездесу барысында тұрғындар тарапынан қойылған сауалдарға нақты жауаптар беріліп, еңбек нарығын дамыту, жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейту бағытында бірқатар ұсыныстар айтылды.

Сонымен қатар жиын аясында 3 ірі компания және олардың мердігер ұйымдары тарапынан барлығы 32 бос жұмыс орны ұсынылды. Атап айтқанда, «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы мен «FTC WIN» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің өкілдері алдағы уақытта ашылатын жаңа жұмыс орындары, сондай-ақ кадрлық резерв қалыптастыру бағытындағы жоспарлары туралы кеңінен ақпарат берді.

Жиын барысында көтерілген мәселелер мен ұсыныстар өңірдегі жұмыспен қамту саясатын жетілдіруге оң ықпал ететіні атап өтілді. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады.

Айта кетейік, аталған мәселе облыс әкімі Нұрдәулет Қилыбайдың ауданға жасаған жұмыс сапары барысында да көтеріліп, өңірдегі өндіріс орындары басшыларына нақты тапсырмалар жүктелген болатын.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

ТАҒАЙЫНДАУ

Ауданда кезекті кадрлық өзгеріс болды. Ішкі конкурс нәтижесіне сәйкес 2026 жылы 26 наурыздан бастап Едігеев Өсер Жақсылықұлы аудандық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы болып тағайындалды.

Өсер Жақсылықұлы 1986 жылы Маңғыстау облысында дүниеге келген. Жоғары білімді маман. 2008 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. Сонымен қатар 2023 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында білімін жетілдірген.

Еңбек жолын 2008 жылы Маңғыстау облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасында бастаған. Әр жылдары «МАЭК-Қазатомөнеркәсіп» ЖШС-де, сондай-ақ құрылыс саласындағы жеке ұйымдарда еңбек етті. Мемлекеттік қызметте де мол тәжірибе жинақтап, Түпқараған ауданы әкімі аппаратында, Мемлекеттік кірістер департаментінде, ауыл шаруашылығы басқармасында түрлі жауапты қызметтер атқарған.

Кейін Маңғыстау облысының жер қатынастары басқармасында бөлім басшысы болып еңбек етіп, өз ісіне жауапкершілікпен қараған білікті маман ретінде танылды. Сонымен қатар, әділет органдарында қызметін жалғастырып, облыстық әділет департаментінде және жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары басқармасында жауапты лауазымдарды атқарды.

Жалпы еңбек өтілі 16 жылдан асады. Оның ішінде 14 жылы мемлекеттік қызметке тиесілі болса, 12 жыл бойы басшылық құрамда қызмет еткен.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

• ТАЗА ҚАЗАҚСТАН

АУМАҚ ТАЗАЛЫҒЫ БАСТЫ НАЗАРДА

АУДАН АУМАҒЫНДАҒЫ ТАБИҒАТЫ ЕРЕКШЕ, КӨЗ ТАРТАР КӨРІКТІ ЖЕРЛЕР – АЙРАҚТЫ, АҚМЫШ, САМАЛ, ШЕРҚАЛА СЫНДЫ ТУРИСТІК НЫСАНДАР БҮГІНДЕ ӨНІРДІҢ МАҢЫЗДЫ ДЕМАЛЫС БАҒЫТТАРЫНА АЙНАЛЫП ОТЫР. ЖАЙМА-ШУАҚ АУА РАЙЫ МЕН ҚАЙТАЛАНБАС ТАБИҒИ ЛАНДШАФТТАР ДЕМАЛУШЫЛАР МЕН САЯХАТШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРЫП, ӨСІРЕСЕ ЖАЗ МЕЗГІЛІНДЕ КЕЛУШІЛЕР САНЫНЫҢ ЕДӘУІР ӨСУІНЕ ЫҚПАЛ ЕТУДЕ.

Туристік ағынның көбеюі өз кезегінде қоршаған ортаның тазалығын сақтауға деген жауапкершілікті күшейтуді талап етеді. Осыған орай, өңірдің экологиялық ахуалын жақсарту және табиғи аймақтардың тазалығын сақтау мақсатында «Таза Маңғыстау» мекемесі тарапынан нақты шаралар қолға алынууда.

Атап айтқанда, туристер жиі баратын нысандарға қоқыс контейнерлері орнатылып, санитарлық жағдайды жақсарту бағытында жұмыстар жүргізілді. Нақтырақ айтқанда, Ақмыш аумағына – 3, Айрақтыға – 4, Шерқалаға – 2, ал Самал демалыс аймағына 5 қоқыс контейнері орналастырылды. Бұл бастама демалушылар үшін қолайлы жағдай жасап қана қоймай, табиғатты ластанудың алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, жауапты мекеме тарапынан аталған аумақтарда тазалық жұмыстарын тұрақты түрде жүргізу, қоқысты уақытылы шығару және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытындағы шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Табиғи аумақтардың тазалығын сақтау – өңірдің тұрақты дамуы мен туристік тартымдылығын арттырудың маңызды факторы. Осы бағытта жүргізіліп жатқан жұмыстар қоршаған ортаны қорғау мәдениетін нығайтып, туристік нысандардың санитарлық жағдайын жақсартуға оң ықпал етуде.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



ҚОЛӨНЕР

ӨҢІРІМІЗДЕ ҚАРАПАЙЫМ ЕҢБЕГІМЕН КӨПКЕ ҮЛГІ БОЛЫП ЖҮРГЕН ЖАНДАР АЗ ЕМЕС. СОЛАРДЫҢ БІРІ – ШЕТПЕ АУЫЛЫНЫҢ ТҮРҒЫНЫ, БЕС БАЛАНЫҢ ӘКЕСІ АМАН СЕЙЛХАНОВ. НЕГІЗГІ МАМАНДЫҒЫ БОЙЫНША МҰНАЙ САЛАСЫНДА ҚҰТҚАРУШЫ БОЛЫП ЕҢБЕК ЕТСЕ ДЕ, ОНЫҢ ЖАНЫНА ЖАҚЫНЫ – ҚОЛӨНЕР. АҒАШ ПЕН ТЕМІРДІ ТІЛГЕ КЕЛТІРГЕН ШЕБЕРДІҢ ТУЫНДЫЛАРЫ БҮГІНДЕ КӨПШІЛІК СҰРАНЫСЫНА ИЕ.



ІЗДЕНІС пен ЕҢБЕКТИҢ ЖЕМІСІ

Аман Сейлхановтың қолөнерге деген қызығушылығы бала кезден басталған. Жастайынан ағаштан сандық жасап, бетін қаңылтырмен қаптап, ою-өрнек салуды үйренеді. Үйде қалған ағаштарды өңдеп, сүргілеп, кесіп, біртіндеп өз шеберлігін шыңдайды. Уақыт өте келе, арнайы ағаш өңдеу құралдарын сатып алып, бұл істі жүйелі түрде қолға алады. Ағашты өз қолымен өңдеп, қаңылтырларды сырлап, қазақы нақыштағы, оюлы әсем сандықтар жасап, қыз жасауларына арнап ұсынған еңбектері ауыл ішінде жоғары бағалана бастайды.

Дегенмен, заман ағымына сай тұрмыста, талғам да өзгере бастады. Қолдан жасалған дәстүрлі сандықтарға сұраныс азайған тұста, шебер өз ісін тоқтатпай, жаңа бағытқа бет бұрады. Ол темірден түрлі бұйымдар жасап, аулаға арналған қақпалар мен эткеншектер дайындауды қолға алады. Бұл да оның ізденімпаздығы мен еңбекқорлығының айқын көрінісі еді.

Бүгінде Аман Сейлханов шығармашылықтың жаңа белесіне көтерілген. Қазіргі уақытта ол темірден



жан-жануарлардың, аққу сынды құстардың, балықтардың, адам бейнелерінің, тіпті ертегі кейіпкерлерінің мүсіндерін жасап жүр. Оның қолынан шыққан ерекше туындылар тек Шетпе ауылында ғана емес, аудан, облыс көлемінде сұранысқа ие. Әр ауыл өз ерекшелігіне сай мүсіндерге тапсырыс беріп, шебер еңбегіне жоғары

бағасын білдіруде. Соның бірі – Форт-Шевченко қаласына орнатылған бекіре мүсіні.

Аман Сейлханов – еңбекті серік еткен, уақытпен бірге өзгеріп, дамып келе жатқан нағыз шебер. Оның әрбір туындысы – табандылықтың, ізденістің және өнерге



деген шынайы сүйіспеншіліктің нәтижесі. Осындай жандардың еңбегі арқылы ұлттық қолөнердің рухы жаңғырып, заман талабына сай жаңа сипат алып келеді.

Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.

АЙТАРЫМ БАР!

АҚШАНЫҢ

БҰЛЫ болып барамыз ба?

БІЗДІҢ ҚАЗАҚ «ЖҮРЕ БЕРСЕҢ, КӨРЕ БЕРЕСІҢ» ДЕЙДІ. СОНЫҢ НАҚТЫ ДӘЛЕЛІ ЖАҚЫНДА МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ, АҚШҰҚЫР АУЫЛЫНА ҚАРАСТЫ «ҚОШҚАР АТА» ҚАУЫМЫНА ДҮНИЕДЕН ӨТКЕН АДАМДЫ ЖЕРЛЕУГЕ БАРДЫҚ. БІЗ «ҚҰЛАҚ ЕСТІП, КӨЗ КӨРМЕГЕН СҰМДЫҚ», ДЕП ЖАТАМЫЗ ҒОЙ, СОНДАЙ СҰМДЫҚТЫ КӨРІП, МЕН ЖАҒАМДЫ ҰСТАДЫМ. ҚАЙТҚАН АДАМДЫ ЖЕРЛЕП ЖАТҚАН ЖЕРДЕН 40-50, ОДАН ӘРІ СОНДАЙ ҚАШЫҚТЫҚТА, 2 АДАМНЫҢ ҚАБІРІН ҚАЗЫП, ІШІН ЖАРМА ЖАСАП, ТАСПЕН ӨРІП ҚОЙЫПТЫ. «БҰЛАР КІМДІКІ?» ДЕСЕМ, «БҰЛАР ҚОЛДАН АҚША ЖАСАУШЫЛАР, ОСЫЛАЙ ҚАБІРДІ ДАЙЫНДАП САТАДЫ» ДЕДІ.

Біздің қазақтың салт-дәстүрінде, тірі 2 адамға қабір қазбаған, ешқандай мола салмаған. Адам қайтпас сапарға аттанған соң ғана, ағайын-туыс, ел-жұрт болып, арулап, жер қойнына тапсырған. Ауа-райы қолайлы болса, 40 немесе 100 күндік, тіпті болмаса жылынан кейін ғана басына, қарапайым, сағана там салған. Мәрмәр тастан, не басқа да қымбат материалдан күмбез тұрғызбаған. Атақты Маңғыстаудың Ержан Хазіретінің өзі «Маған қарапайым, ішіне ит-құс, немесе мал кірмейтін, «иткірмес» там салындар» деген. Біздің қазақ ырым мен тыйымға қатты сенген халық.

Ұлы Абай: «Бірінді қазақ бірін дос, көрмесен істің бәрі бос», болмаса «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» неге айтты? Енді ғана 20 миллионнан асып келе жатырмыз ғой, ағайындар-ау! Сонда, өз қазағына өзің өлім тілеп, тірілей көрін қазып, оның ақшасын алған адам, ертең сол көрге өзі түспесіне кім кепіл? Ертеде төрт құбыласы түгелі, мейманасы тасыған бір бай, өзіне тірісінде еш жерде жоқ, ақ күмбез там салдырыпты. Бірақ, сол тамға, жалғыз баласы аяқ астынан мерт болып, сол жалғызын жерлепті. Міне ағайын, алдын ала өлім тілеп, өзіне там салған, көр қазғанға жасаған Алланың сыйы осындай болады. Қайыр сұрап, күн көрсен де, мұндай іске бара көрменіздер, айналайын ағайындар!

Қазір «ер өлер аштық жоқ», егер жеті мүшең сау болып, жұмыс істеп, ақша тапсаң, адалдық та, сауап та, иман да, абырой да барлығын бір Алла өзі береді. Кешегі 1920-1921, 1931-1932 жылдары ашарлықта да мұндай іс-әрекет болмап еді ғой. Қазіргі 17 облыс 2 қаланың ішінде біздің Маңғыстаудан бай тұратын халық жоқ. «Ит басына іркіт төгілген» заман осы бізде ғана. Сондықтан да «есектің артын жуып, мал тапсаң да», тірі адамға көр қазып, мал таппаңыз, ағайын!

Жеткіншек ӘУЕЛБАЙҰЛЫ,
ардагер ұстаз,
Қызыл ауылы.

РУХАНИЯТ

ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ МЕН ДАМУЫ ЕҢ АЛДЫ-МЕН ОТБАСЫНЫҢ БЕРІКТІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ. АЛ ОТБАСЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫСЫ, ЖЫЛУЫ МЕН БЕРЕКЕСІН САҚТАУШЫ – ӘЙЕЛ. СОНДЫҚТАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУЛЫҒЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ӘЛ-АУҚАТЫН АРТТЫРУ – МАҢЫЗДЫ МІНДЕТТЕРДІҢ БІРІ.



Осы бағытта аудандық Отбасын қолдау орталығының ұйымдастыруымен әйелдерге арналған тағалымы мол тренинг-семинар өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – әйелдердің психологиялық саулығын нығайту, олардың қоғамдағы және отбасы өміріндегі ролін айқындап, ішкі әлеуетін ашуға бағыт беру болды.

Тренинг барысында қатысушылар ашық пікір алмасып, өзара тәжірибе бөлісті. Мамандар әйелдің жан тыныштығы мен көңіл күйі отбасы берекесінің басты негізі екенін атап өтті. Сонымен қатар, әрбір әйелдің өзін бағалауы мен өзіне қамқорлық жасауы тек жеке бақыты үшін ғана емес, тұтас отбасының үйлесімді өмір сүруіне тікелей әсер ететіні кеңінен түсіндірілді.

Семинар аясында ұйымдастырылған символикалық жаттығулар қатысушыларға ерекше әсер қалдырды. Сыңған дүниені қайта қалпына келтіру арқылы өмірдегі қиындықтардан кейін де жаңа мүмкіндіктердің бар екені ұғындырылып, олардың бойында үміт пен сенім қалыптасты.

Іс-шара барысында зорлық-зомбылықтың алдын алу, оның түрлері мен қорғану жолдары туралы да маңызды ақпараттар берілді. Мамандар әрбір әйелдің қауіпсіз әрі бақытты өмір сүруге құқығы бар екенін жеткізіп, қандай жағдайда да қолдаусыз қалмайтынын атап өтті.

Шара соңында қатысушылар ерекше әсер алып, жаңа серпінмен тарқасты. Олардың жүзіннен сенім мен болашаққа деген үміт айқын байқалды.

Отбасын қолдау орталығы алдағы уақытта да осындай маңызды шараларды жалғастырып, әйелдердің әлеуметтік және психологиялық әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстарын жүйелі түрде жүргізе бермек. Бақытты әйел – берекелі отбасының тірегі, ал берекелі отбасы – қоғамның берік негізі.

Динара ЕДІЛБАЕВА,
аудандық отбасын қолдау орталығының маманы.



КІТАПХАНА ҚОРЫ ТОЛЫҚТЫ

КІТАП – САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНА, БІЛІМ МЕН РУХАНИЯТТЫҢ МӨҢГІЛІК ҚАЙНАР КӨЗІ. ОСЫ ОРАЙДА МАҢҒЫСТАУ АУДАНЫҚ ОРТАЛЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ ҚОРЫ ЖАҢА ӘДЕБИЕТТЕРМЕН ТОЛЫҚТЫ. БҰЛ – ОҚЫРМАН ҚАУЫМЫ ҮШІН МАҢЫЗДЫ ӘРІ ҚУАНЫШТЫ ЖАҒАЛЫҚ. КІТАПХАНА СӨРЕЛЕРІНЕ ТҮСКЕН ТЫҢ ТУЫНДЫЛАР МАЗМҰНЫ МЕН БАҒЫТЫ ЖАҒЫНАН АЛУАН ТҮРЛІ БОЛЫП, ӘР БУЫННЫҢ СҰРАНЫСЫН ЕСКЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН.

Жаңадан келген кітаптар қатарында тарихи шығармалардың орны ерекше. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Ілияс Есенберлиннің «Алтын Орда» тарихи трилогиясы қайта басылып, оқырманға жол тартты. Сонымен қатар моңғол жазушысы Цэндийн Доржготовтың «Ламалар қырғыны» романы (аударған Абай Мауқараұлы) өзге халықтың өткені арқылы тарихи танымды кеңейтеді. Ал Тұрысбек Сәукетаевтің «Өлгендер қайтып келеді» атты роман-фонтезі қазіргі қазақ әдебиетіндегі жаңашыл бағыттағы еңбектердің бірі ретінде ерекшеленді.

Поэзия жанашырлары үшін де тың дүниелер ұсынылып отыр. Қарлығаш Қабайдың «Көлеңкесіне кез болған кесіртке» жинағы, Гүлфарида Ермекованың «Сезім көктеп жүректен» сыршыл жырлары және жас ақын Алтынбек Әлібайдың «Құрақ көрпе» туындысы қазіргі поэзиядағы жаңа ізденістер мен жас толқынның

дүниетанымын айқын көрсетеді.

Сонымен қатар ғылыми бағыттағы еңбектер де кітапхана қорын толықтырып отыр. Түркі халықтарының рухани-мәдени сабақтастығын зерделейтін «Түркі әлемінің тотемі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары зерттеушілер мен ізденушілер үшін құнды дереккөз болмақ.

Жалпы, кітапхана қорының жаңаруы – рухани өмірдің жандануына серпін беретін маңызды қадам. Әдебиеттердің мазмұндық әркелкілігі оқырманның таным көзкісігін кеңейтіп қана қоймай, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді.

Әлия ИСАТАЙҚЫЗЫ,
аудандық орталық
кітапхананың кітапханашысы.

● ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАН

ӨНІРДЕ МЕРИТОКРАТИЯ НЫҒАЙЫП, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ АРТТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІНІҢ МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ 2025 ЖЫЛЫ АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫН ШЫҒАРДЫ. ЕСЕПТІ КЕЗЕҢДЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ, ЗАҢНАМАНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫНДА БІРҚАТАР МАҢЫЗДЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛДІ.

Облыс бойынша (орталық мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерін қоспағанда) барлығы – 143 мемлекеттік орган бар, ондағы қызметшілердің: штаттық саны – 1407, нақты саны – 1337.

Меритократия қағидатын нығайту, қызмет бабында ілгерілеу бойынша тағайындалған мемлекеттік қызметшілердің үлесін арттыру, сондай-ақ мемлекеттік органдарда, оның ішінде әлеуметтік желілер арқылы өткізілетін конкурстар туралы Мемлекеттік қызметшілердің хабардарлық деңгейін арттыру бойынша жұмыс тұрақты негізде жүргізіледі.

2025 жылдың 12 айы бойынша ішкі конкурстардың қорытындысы бойынша бос лауазымдарға 116 мемлекеттік қызметші тағайындалды, оның ішінде 94 бұрын төмен тұрған лауазымдарды атқарған, осылайша Маңғыстау облысының жергілікті атқарушы органдарында меритократияның үлесі 81% - құрады.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау курстарында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау жоспарларының орындалуы қамтамасыз етілді.

2025 жылға жоспарланған 579 мемлекеттік қызметшінің (жалпы жылдық жоспар -579 адам) 100% - ы оқудан өтті, оның ішінде:

- мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау - 236;
- біліктілікті арттыру -343.

«Е-қызмет» жүйесіндегі белсенділік 12 құжаттан келеді.

Мемлекеттік қызметтің гендерлік құрамы Мемлекеттік қызметтегі әйелдердің үлесі 54,3% (1337-ден 726), басшы лауазымдар арасында 33,2% құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің жас құрамы Мемлекеттік қызметшілердің орташа жасы – 36,6 жас, бұл ретте соңғы жылдар ішінде мемлекеттік қызметшілердің орташа жасы 36-37 жас аралығында.

Жұмыс өтілі Мемлекеттік қызметтегі орташа өтілі 9,1 жылды құрайды, бұл ретте саяси қызметшілердің орташа өтілі – 12,8 жыл, «Б» корпусы қызметшілерінің орташа өтілі – 9 жыл.

Атқаратын лауазымындағы орташа өтілі 3,7 жылды, саяси қызметшілерде 1,6 жылды, «Б» корпусының қызметшілерінде – 3,8 жылды құрайды.

Мемлекеттік қызметшілердің білімі Мемлекеттік қызметшілердің жалпы санының 95% немесе 1273 адам жоғары білімді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САЛАСЫНДАҒЫ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

Департаментке 249 өтініш түскен болса, соның 181 бақылау бағыты бойынша.

Ең көп бұзушылықтар: конкурс тәртібін бұзу, қызметтік міндеттерін дұрыс атқармау, сыйақы және өзге бұзушылықтар.

Мемлекеттік органдарда мемлекеттік қызмет туралы заңнаманың сақталуына қатысты 40 бақылау іс-шаралары жүргізіліп, 246 бұзушылық анықталды.

Тексеру қорытындысымен мемлекеттік органдарға 30 ұсынулар енгізіліп, ұсынулар толықтай орындалды.

2024ж. 12 айында – 27 тексеру жүргізілген. Нәтижесінде 33-нұсқама/ұсыныс/ұсыным енгізілген.

Әкімшілік жазалар.

Есептік кезеңде 20 әкімшілік іс, соның ішінде Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 99-бабы 1 және 2 тармағымен 5 әкімшілік іс қозғалып, 206 920 теңге айыппұл салынды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 89-бабы 1-тармағымен 15 әкімшілік

істер қозғалып, әкімшілік хаттамалар жасакталды. Ал, әдеп жөніндегі кеңестің 11 мәжілісі өткізіліп, онда 41 мәселе қаралған.

Атап айтқанда:

- 16 (39,0%) тәртіптік істер;
- 9 (22,0%) тыңдалған есептер;
- 4 (9,8%) тәртіптік комиссия жұмысы;
- 3 (7,3%) әдеп жөніндегі уәкілдің есептері;
- 2 (4,9%) жұмыс уақытының сақталуына талдау;
- 7 (17%) өзге сұрақтар талқыланды (жұмыс жоспарын бекіту, жазаны мерзімінен бұрын алу-ды қарау т.б.).

2024 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда тәртіптік істер саны 9 іске артқан немесе қаралған сұрақтардың 39,0% құрайды.

Жалпы алғанда Кеңесте қаралған профилактикалық бағыттағы сұрақтар көрсеткіші – 43,9% құрайды.

2024ж. 12 ай. – 11 мәжіліс, 30 мәселе, оның ішінде 7 тәртіптік іс.

Сыни мақалалар бойынша. Мемлекеттік қызметшілер тарапынан бұқаралық ақпарат құралдарында 20 жағдайда қолданыстағы заңнама талаптарының бұзылғандығы туралы сыни мақалалар жарияланып, олардың 8 дерегі өз дәлелін тапты.

Бағыныстағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілігі

2025 жылдың 12 айында облысымызда бағыныстағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін 1 квазимемлекеттік сектор қызметкерлері қатысты айыптау үкімі қабылданған. Тиісінше, тікелей басшысы (Жаңаөзен қаласының білім бөлімінің басшысы) тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР БАҒЫТТАРЫ БОЙЫНША

Сондай-ақ, департаментпен аталған бағыт бойынша 38 бақылау іс-шаралары жүргізілген.

Оның ішінде:

- жоспарлы тексеру – 15;
- жоспардан тыс өтініштер бойынша – 20;
- байқау нәтижесінде – 1;
- Агенттік тапсырмасы бойынша – 2.

Тексерулер кезінде барлығы 8 272 бұзушылықтар анықталды (ОМО АБ – 2985 факті, ЖАО – 5287). Оның ішінде:

- мерзімдердің бұзылуы – 1634;
- мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту мерзімдерінің бұзылуы – 787;
- артық құжаттар талап ету – 924;
- құжаттар пакеті толық болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету – 719;
- негізсіз бас тартулар – 27;
- қызмет көрсету тәртібін бұзу – 2607;
- басқа бұзушылықтар 1574.

Сыртқы байқау (қашықтықтан бақылау) жүргізу нәтижесінде 15 933 бұзушылық анықталды (ОМО – 9500, ЖАО – 6433).

Қызмет көрсетудің мерзімдерін немесе тәртібін бұзу бойынша 36 хаттама толтырылып, 2 024 980 теңге) айыппұл салынып, өндірілді (ҚР ӘҚБтК 465 бабы).

Тәртіптік жауапкершілікке 42 қызметкер тартылды (ЖАО – 22, ОМО АБ – 20). Оның ішінде басшылық құрам – 11 (26%), орындаушы құрам – 31 (74%).

2025 жылы 94 өтініш түсіп, 50 қаралды, 25 қысқартылды, 19 өзге органдарға жолданды.

Есептік кезеңде 120 түсіндірме жұмыстары жүргізілген.

Бұған қоса, «Елге қызмет» телебағдарламасында жыл басынан бері 17 бағдарлама көрсетілді.

«Ең алдымен адамдар» тақырыбында 4 семинар өткізіліп, оған 79 тыңдаушы қамтылды.

Ведомстваралық жұмыс тобының 4 отырысы өткізіліп, онда мемлекеттік қызмет көрсету саласын жетілдіру бағыты бойынша 40 ұсыным енгізілген. Ұсыныстардың барлығы орындалды.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

2025 жылы Маңғыстау облысы бойынша ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, қоғамда парасаттылық идеологиясын орнықтыру және мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау бағытында бір қатар жұмыстар атқарды.

Жыл қорытындысы бойынша 50-ден астам іс-шара өткізілді. Атқарылған іс-шараларды нысаналы топтар мен салалар бойынша егжей-тегжей атап өтетін болсақ.

I. Жастар саясаты және білім беру саласындағы жұмыстар

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды біз ең алдымен өскелең ұрпақтан бастадық. Осы мақсатта жоғары оқу орындары мен колледждерде, мектептерде келесідей іс-шаралар жүзеге асырылды:

Студенттер және мектеп оқушыларымен жұмыс:

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Колледждердің (Маңғыстау туризм, Мейірбике, Маңғыстау энергетикалық, Бейнеу гуманитарлық, Ақтау технологиялық қызмет көрсету, Политехникалық, АЛТ көлік, Асмет Ұлас, Есенов колледжі) және мектептердің (Ақтау қаласындағы №14, №17, №21, №23, №28, №32 және Фариза Оңғарсынова атындағы №29 мектеп-гимназиясында) қабырғаларында бірнеше маңызды шара өтті.

Атап айтқанда, «Адал азамат – абыройлы қызметтің тірегі» тақырыбында тәрбиелік сағат, 9 желтоқсан – Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ!» «Саналы ұрпақ – сыбайлас жемқорлықсыз болашақ» тақырыбында TEDx форматындағы спикерлер алаңы ұйымдастырылып парасаттылық пен адалдық қағидаттары, мемлекеттік қызметке орналасу тәртібі мен заңнамадағы өзгерістер түсіндіріліп, құқықтық кеңес берілді. Бұл шараларда студенттер, мектеп оқушылары және оқытушылар арасында ашықтық қағидаттары бойынша біраз мәселелер талқыланды.

II. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мобильді топтың» жұмысы

Мобильді топтың құрамына ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті, Маңғыстау облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаменті, Әділет департаменті, полиция департаменті, «GUMOL» стратегиялық зерттеулер орталығы» коммерциялық емес мекемесінің өкілдері қатысып шалғай елді мекендердегі халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және кеңес беру мақсатында мобильді топ облыстың түкпір-түкпіріне барды.

Атап айтатын болсақ, Маңғыстау ауданындағы Жыңғылды, Оңды және Шетпе ауылдары, Қаракия ауданының Жетібай және Мұнайшы ауылдарында, Түпқараған ауданының Форт-Шевченко қаласы, Қызылөзен, Сайын Шапағатов және Ақшұқыр ауылдарында, Жаңаөзен қаласының әкімдігінде және Қызылсай ауылында, Бейнеу ауданының Сарға ауылында, Мұнайлы ауданының Батыр ауылдық округінде және Ақтау қаласындағы Қ.Сыдықов атындағы облыстық кітапханасында мобильді топ тұрғындарға тегін құқықтық көмек және түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

III. Мемлекеттік органдармен және квазимемлекеттік сектормен жұмыс

Мемлекеттік қызметшілердің әдебі мен жауапкершілігін арттыру – басты назарда болды.

1.Құқық қорғау және қадағалау органдары:

Сот әкімшілігіне, сот сараптамалары институтына, Төтенше жағдайлар департаментіне ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің ұйымдастыруымен кездесу өткізіліп, мемлекеттік қызметшілердің құмар ойынға (лудомания) қатысудан бас тарту, сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру, қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру және Әдеп кодексін сақтау мәселелері қаралды.

2.Әлеуметтік және экономикалық блок:

Денсаулық сақтау саласы, Ұлттық статистика және қазынашылық, экология және ауыл шаруашылығы (балық шаруашылығы және ветеринария басқармаларында), мемсараптама және

мәдениет ұйымының мемлекеттік қызметшілеріне жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, әдеп нормаларын сақтау бойынша арнайы семинарлар өтті.

3.Квазимемлекеттік сектор:

«КМГ Инжиниринг» ЖШС және Қазақ Каспий теңізінің ғылыми-зерттеу институтына Мұнай-газ саласы қызметкерлеріне комплаенс қызметінің тиімділігі және 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдама таныстырылды.

«Өзенмұнайгаз» АҚ: 2025 жылғы 24 желтоқсанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру аясында, Жаңаөзен қаласындағы «Өзенмұнайгаз» АҚ алаңында Департамент басшысының төрағалығымен жергілікті атқарушы органдарының, комплаенс-қызметкерлерінің және ұжымға қарасты мекеме қызметшілерімен кездесу ұйымдастырылды.

Жиньга департамент басшысы, «ӨзенМұнай-Газ» АҚ бас директоры, Жаңаөзен қаласы әкімінің орынбасары, комплаенс-қызметінің өкілдері және өндірістік персонал қызметкерлері қатысты. Кездесудің басты мақсаты – сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидатын қалыптастыру және қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру, комплаенс-қызметінің ашық әрі, адал жемқорлыққа қарсы талдау жүргізу.

Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытындағы ауқымды жұмыстар, заңнамадағы өзгерістер және 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы туралы, сонымен бірге комплаенс қызметінің квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі тиімділігі жөнінде айтылды. Сонымен қатар, мүдделер қақтығысын тиімді реттеу тетіктерін енгізудің өзекті мәселелері талқыланып, «ӨзенМұнайГаз» АҚ қызметінде ашықтық пен жауапкершілік қағидаттарын ілгерілетудің ерекше маңыздылығын атап өтті.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ: департамент басшысы төрағалығымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту, ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтау және ұйымда тұрақты этикалық мәдениетті қалыптастыру үшін персоналды жалдау және басқару процесінде комплаенс-бақылау жүйесін құру және жетілдіру бойынша қатысушыларда жүйелі түсінік пен практикалық дағдыларды қалыптастыру бағытында комплаенс-қызметкерлерінің қатысуымен оқыту семинары өткізілді.

IV. Қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимыл

Азаматтық қоғамды тарту мақсатында келесі шаралар атқарылды:

- «AMANAT» партиясы: Партия жанындағы Республикалық кеңес отырысында сайлауалды бағдарламаның Жол картасын іске асыру барысы талқыланды.

- Зияткерлік сайыс: Республика күніне орай мемлекеттік қызметшілер арасында «Адал қоғам» атты Quiz сайысы ұйымдастырылып, 100-ге жуық қызметкер қатысты.

- Азаматтық белсенділік тренингі: Тұрғындарға мемлекеттік органдармен тиімді диалог орнату және санбұзушылықтарды тіркеу әдістері үйретілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомстваралық комиссия жұмысы

2025 жылы Маңғыстау облысы әкімдігі жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ведомстваралық комиссияның 2 отырысы өтіп, жоспарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдардың орындалу барысы туралы 7 мәселе қаралды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау мен мониторинг

2025 жылы Маңғыстау облысының туризм басқармасында және Ақтау қаласы әкімдігінің «Ақтау электр желілері басқармасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізілді.

Жиыны 20 сыбайлас жемқорлық тәуекелі анықталды, олардың ішінде 20 ұсыным тәуекелдерді жою жөніндегі жоспарға сәйкес іске асырылды.

Алдағы уақытта аталмыш жұмыстар қоғамдағы әділеттілік пен ашықтық қағидаттарын нығайту мақсатында өз жалғасын табатын болады.

T.ЖҰМАҒҰЛОВ,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.



● МӘДЕНИЕТ


ЖЕРЛЕСТЕР ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ

АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҰЖЫМДАРЫ СОҢҒЫ КҮНДЕРІ БІРҚАТАР БЕДЕЛДІ БАЙҚАУЛАРДА ЖАРҚЫН ЖЕҢІСТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗІП, ӨНІР АБЫРОЙЫН АСҚАҚТАТТЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖӘНЕ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ӨНЕР ДОДАЛАРЫНДА ТОП ЖАРҒАН ЖЕРГІЛІКТІ ӨНЕРПАЗДАР КӘСІБИ ШЕБЕРЛІКТЕРІН ДӘЛЕЛДЕП, КӨРЕРМЕННІҢ ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНДІ.

Алдымен, Өзірбайжан Республикасының астанасы – Баку қаласында өткен «BALA SHABUTU» халықаралық көп жанрлы өнер байқауында Маңғыстау аудандық мәдениет үйі жанындағы халықтық «Таңшолпан» би ансамблі ерекше жетістікке жетті. Ұжым «Керуен саз» казак биімен супер гран-при, ал заманауи би жанрында гран-при иеленіп, байқаудың басты жүлделерін қанжығасына байлады. Аталған додаға Өзірбайжан, Өзбекстан және Қазақстан елдерінен дарынды өнерпаздар қатысып, өзара бақ сынаған

болатын. Ансамбль жетекшісі Гүлфайруз Қалиева.

Сондай-ақ 27 наурыз – халықаралық театр күні қарсаңында Тараз қаласында өткен республикалық моно спектакль фестивалінде Ұштаған ауылдық мәдениет үйі жанындағы «Ұштаған» халық театры «Көрермен көзайымы» номинациясына ие болды. Байқау ақын, жыршы-жырау Жамбыл Жабасовтың 180 жылдығына орай ұйымдастырылып, еліміздің әр өңірінен 11 театр қатысты. Ұжым сахналаған К.Нармұханбетованың «Интернат наны» қойылымы көркемдік



деңгейі мен актерлік шеберлігі арқылы жоғары бағаланды. Шағын ауылдық ұжымның республикалық деңгейде танылуы – үлкен жетістік.

Халықаралық сахнада тағы бір жарқын жеңіске Жыңғылды ауылдық мәдениет үйі жанындағы «Дарын» балалар драма ұжымы қол жеткізді. Өзбекстанның астанасы –Ташкент қаласында өткен «Uzoq Azini» халықаралық фестиваль-байқауында ұжым «Театр өнері» номинациясы бойынша гран-при жүлдесін жеңіп алды. Олар сахналаған Отыншы Көшбайдың «Қасіреттің көз жасы» қойылымы қазылар алқасының жоғары бағасына ие болды. Ұжымның жетекші режиссері – Ләйла Садуова, көмекші режиссері – Бибігүл Ұлжабаева.

Айта кетейік, байқау қорытындысы бойынша «Дарын» драма ұжымына елорда – Астана қаласында өтетін келесі халықаралық байқауға арнайы шақырту табысталды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.



● ӨНЕР

ЖЫҢҒЫЛДЫ АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖАНЫНДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ «НАЗҚОҢЫР» ВОКАЛДЫҚ АНСАМБЛІ «АНА ЖҮРЕГІ – МЕЙІРІМ МЕН КЕНІ» АНАЛАР ФЕСТИВАЛІНДЕ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨНЕР КӨРСЕТІП, КӨРЕРМЕН МЕН ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫНЫҢ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНДІ.

«Назқоңыр» — үздік өнердің үлгісі

Ансамбль үшін бұл фестиваль – тек байқау ғана емес, ұлттық өнерді насихаттайтын маңызды алаң болды. Біз әрбір сахналық нөмір арқылы казак әнінің тереңдігін, ұлттық болмыстың көркемдігін жеткізуге тырыстық.

Байқау барысында казактың халық әні «Бір бала» орындалып, оның мазмұны мен әуезі арқылы көрерменге ерекше әсер сыйлауға күш салдық. Сонымен қатар сазгер Марат Ордабаевтың «Ақтауым – ару өз мекен» әні туған жерге деген сүйіспеншілікті жеткізудің бір көрінісі болды.



Сондай-ақ ұлттық салт-дәстүрді сахналау кезеңінде «Бір қап тезекке сатып алу» ғұрпын ұсынып, ата-бабаларымыздың өмір салты мен дүниетанымын көрсетуге тырыстық. Бұл қойылым көрермен тарапынан жылы қабылданып, біздің еңбегіміздің ақталғанын көрсетті.

Фестиваль қорытындысы бойынша «Назқоңыр» халықтық вокалдық ансамблі «Қарашаш ана» аталымымен марапатталып, 500 000 теңге көлемінде қаржылай сыйақыға ие болды. Бұл жетістік – ұжым мүшелерінің бірлескен еңбегінің нәтижесі.

Алдағы уақытта да ұлттық өнерді дәріптеп, шығармашылық ізденісті жалғастыра береміз.

Айлана НҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Назқоңыр» халықтық вокалдық ансамблінің жетекшісі.

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ЖК «Абишев А.С.» Маңғыстау облысының, Маңғыстау ауданында, «Ұсақтау-сұрыптау қондырғысын орналастыру» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаға әсерді қорғау» бөлімімен қоғамдық тыңдау өткізеді.

Әсер ету аумағы: Ұсақтау-сұрыптау қондырғысы Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының жерлерінде әкімшілік тұрғыда орналасқан және Шетпе жақын елді мекенінен батысқа қарай 5,5 км қашықтықта орналасқан.

Кен орны орталығының географиялық координаттары 1. 44° 9'12.55" СЕ 52° 4'51.04" ШБ;

Өткізілетін күні, уақыты және мекенжайы, қоғамдық тыңдаулар: 18.05.2026 ж. жергілікті уақыт бойынша сағат 15:00-де, мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Маңғыстау ауданы., Шетпе а., Мәдениет үйі (конференция уақыты 1 сағат).

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар ZOOM интернет-платформасында (<https://zoom.us>) онлайн режимінде өткізіледі.

Конференцияға қосылу Zoom <https://us04web.zoom.us/j/7783456446?pwd=f4sqG8clq9KgmbhNed4UzJxm8Epnb5.1&omn=72635501781>.

Конференция идентификаторы: 778 345 6446. Кіру коды: 618akf.

Бастамашының мәліметтері мен байланыс деректері: ЖК «Абишев А.С.», ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 27-шағын аудан, 85-үй, 33-пәтер. Тел.: + 701 544 4401.

Жоба әзірлеушісінің мәліметтері мен байланыс деректері: «ЭКО Project» ЖШС, Ақтау қ., 17-шағын аудан, №7-үй, 308-пәтер, эл.пошта: tokshayev@mail.ru, тел. +7 778 462 6660.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен сайттан танысуға болады <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Сараптама жүргізу жөніндегі мемлекеттік орган: Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, электрондық пошта s.bazarbay@mangystau.gov.kz. Телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru>.

Қосымша ақпарат пен құжаттардың көшірмелерін электрондық пошта арқылы алуға болады tokshayev@mail.ru және телефон +7 778 462 6660.

Ескертулер мен ұсыныстар ақпараттық жүйеде жазбаша немесе электрондық нысанда қабылданады <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31 / 1066

ИП «Абишев А.С.» проводит общественные слушания к рабочему проекту «Размещение дробильно-сортировочной установки» в Мангистауском районе Мангистауской области с разделом «Охрана окружающей среды».

Территория воздействия: Дробильно-сортировочная установка расположено в административном отношении на землях Мангистауского района Мангистауской области и удалено от ближайшего населенного пункта с.Шетпе на расстояние 5,5 км на запад.

Географические координаты центра месторождения 1. 44° 9'12.55" СШ 52° 4'51.04" ВД;

Дата, время и адрес проведения общественных слушания: 18.05.2026 г. в 15:00 часов местному времени, по адресу: Республика Казахстан, Мангистауская область, Мангистауский район., с.Шетпе, Дом культуры (время конференций 1 час).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн режиме на интернет-платформе ZOOM. Подключиться к конференции Zoom <https://us04web.zoom.us/j/7783456446?pwd=f4sqG8clq9KgmbhNed4UzJxm8Epnb5.1&omn=72635501781>.

Идентификатор конференции: 778 345 6446. Код доступа: 618akf.

Реквизиты и контактные данные инициатора: ИП «Абишев А.С.», тел. 8 701 544 4401, РК Мангистауская область, город Ақтау, 27 мкр, 85 дом, 33 кв.

Реквизиты и контактные данные разработчика: ТОО «ЭКО Project», г. Ақтау, 17-микрорайон, дом №7, 308-кв., эл. почта: tokshayev@mail.ru, тел.: +7 778 462 6660.

Ознакомиться с материалами, выносимыми на общественные слушания можно на сайте <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Государственный орган по проведению экспертизы: управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, электронная почта s.bazarbay@mangystau.gov.kz. Телефон 8 (7292) 46-21-31/1066. Сайт – <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/Contacts?lang=ru>.

Дополнительную информацию и копии документов можно получить по электронной почте tokshayev@mail.ru и телефону +7 778 462 6660.

Замечания и предложения принимаются в письменной или электронной форме в Информационной системе <https://hearings.ndbecology.gov.kz/>, и Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области, email – s.bazarbay@mangystau.gov.kz, телефон 8 (7292) 46-21-31/1066

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

«Кен-Сары» ЖШС «Арыстан кен орнының №№ 603, 607, 608, 609, 611, 612, 613, 614, 615, 616 ұңғымаларды жайластыру және алаңдар мен жолдар салу» жобасына ҚОҚБ түзету және Табиғатты қорғау іс-шаралары жоспары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Қоғамдық тыңдау 2026 жылы 5 мамыр сағат 11:00-де өтеді. Өткізу орны: Маңғыстау облысы, Сайөтес ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты. Участкені географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 44°42'21.5644"С, 54°12'36.24"Д.

Онлайн қосылымға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/82394945209?pwd=BdfkXLOvXgOOG9RxoDxr5Mkwzc9.1>.

Конференция идентификаторы: 823 9494 5209. Кіру коды: ctUm8L. Тапсырыс беруші: «Кен-Сары» ЖШС, 17-ш/а., 39-ғимарат, тел.: 8(7292)202021. БИН: 01074000600.

Жобаны әзірлеуші: «KJS Project & Consulting» ЖШС, тел.: +7 (7292) 55 00 53, эл.почта: kjs_project@inbox.ru .

Жергілікті атқарушы орган: «Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жауапты тұлға Сабина Базарбай, эл. пошта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел.: 8(7292) 43-10-88; Жобалық құжаттама БЭП <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында орналастырылған.

ОБЩЕСТВЕННЫЕ СЛУШАНИЕ

ТОО «Кен-Сары» объявляет, что проводит общественные слушания по Корректировке РООС к «Строительство площадок, дорог и обустройство скважин №№ 603, 607, 608, 609, 611, 612, 613, 614, 615, 616 месторождения Арыстановское» и ППМ. Слушания состоятся: 5 мая 2026 года в 11:00 ч. Место проведения: Мангистауская область, село Сайотес, здание Дома культуры. Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия: 44°42'21.5644"С, 54°12'36.24"Д.

Ссылка на онлайн подключение: <https://us05web.zoom.us/j/82394945209?pwd=BdfkXLOvXgOOG9RxoDxr5Mkwzc9.1>.

Идентификатор конференции: 823 9494 5209. Код доступа: ctUm8L

Заказчик: ТОО «Кен-Сары», г. Ақтау, 17-мкр., 39-зд., тел.: 8(7292)202021. БИН: 01074000600.

Разработчик: ТОО «KJS Project & Consulting», тел.: +7 (7292) 55 00 53, эл.почта: kjs_project@inbox.ru .

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Мангистауской области», ответственное лицо Базарбай Сабина Саламатқызы, эл.почта: s.bazarbay@mangystau.gov.kz., тел. 8 (7292) 43-10-88; Документация по проекту размещена на сайте ЕЭП <https://ndbecology.gov.kz/>.

МҮРАГЕРІН ІЗДЕУ

Нотариус К.С.Мухамбеткаримова 2025 жылы 5 қазанда қайтыс болған ӨТЕПБАЙ НАУРЫЗ ӨТЕПБАЙҰЛЫНЫҢ мұрагерлеріне іздеу салады. Барлық мұрагерлеріне осы хабарлама шыққан күннен бастап бір ай мерзім ішінде Маңғыстау ауданы, Шетпе ауылы, Орталық көшесі, Несібек-Нұр бизнес орталығында орналасқан нотариус кеңсесіне хабарласуды сұрайды.
Телефон: 8 702 310 93 86.

МЕНШІК ИЕСІ:



Директор –
Әнуарбек БИМАҒАМБЕТ

Қабылдау бөлімі,
тел./факс: 20-48-34,
mangystau.media@mail.ru



аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 6.02.2013 ж. есепке қойылып, №13356-Г куәлігі берілген.

Редактор – А.РАХМЕТОВА

Тілшілер – М.ЖЕБЕКЫЗЫ,
Е.ЖҰМАҒҰЛОВА.

Газет «Маңғыстау-Медиа» ЖШС Ақпарат және дизайн орталығында беттелді.

Жетекші –
Гүлнара ТАСБОЛАНОВА

Беттеуші дизайнерлер – Шынар ТЕҢІЗБАЙ,
Жұмагүл АБЫЛАНОВА.

«Атырау-Ақпарат» ЖШС баспаханасында басылды.
060005, Атырау қаласы,
Ж.Молдағалиев көшесі, 29А.
Тел: 8 7122 458-660,
586-392.



- Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді.
- Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
- Жарнама, хабарландырулар мазмұнына редакция жауап бермейді.
- Редакцияға жолданған материалдарға рецензия жасалмайды және қолжазба авторға қайтарылмайды.
- Тақырыптық суреттер ғаламтордан алынады.

Тапсырыс нөмірі: 00333
Таралымы: 568
Индекс: 65612
Газеттің бағасы келісімді

АУА РАЙЫ БОЛЖАМЫ

2 сәуір
түнде: +8 | күндіз: +19
3 сәуір
түнде: +9 | күндіз: +20
4 сәуір
түнде: +12 | күндіз: +20
5 сәуір
түнде: +12 | күндіз: +18
6 сәуір
түнде: +12 | күндіз: +18